

*Р. Садықова*

## ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАПОНИЯ МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

«Қырғиқабак соғыс» аяқталып, халықаралық қатынастарда оның орнына жаңа тәртіп дүниеге келді. Бұл тәртіп жаңа әлемдік тәртіп деп аталынды және ол бір күштің, яғни АҚШ-тың басымдылығымен сипатталды. Алайда осы күнге дейін өмір сүріп отырған бұл жүйенің алдында ескі тәртіптік жүйеден қалған шешілмеген мәселелер қалған еді. Сол себепті туындаған мәселелерді шешу мақсатында әр аймақта жетекші мемлекеттер ұлттық мүдделердің қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, өзара ынтымақтасудың қажеттігін ұғынды. Осындай ынтымақтастықты орнатуға ұмтылған мемлекеттердің бірі Жапония мен Еуропалық Одақ еді.

Бұл мақалада зерттеуші Азиядағы аймақтық көшбасшылардың бірі Жапония және Еуропадағы беделді ұйымның арасындағы қарым-қатынастарды қарастыруы арқылы мұндай байланыстың себептері мен келешегіне баға бермек.

Жапония мен Еуропалық Одақтың қарым-қатынастарына көз жүгіртер болсақ, олардың ХХ ғ. 90-жылдарға дейін қарқынды сипатта болмағандығын байқамауымызға болады. Себебі ХХ ғасырдың 90-ж. басына дейін Батыс Еуропа мен Жапонияның қарым-қатынастарының мәселелері жалпы алғанда биполярлық әлем тәртіптегі екі мемлекеттің саяси элиталарының және халықаралық қауымдастықтың бақылауында болған еді. «Қырғиқабак соғысы» барысында Еуропа мен Жапонияның байланыстары АҚШ-тың жетекшілігінде болған Батыс Еуропа-Жапония-АҚШ үшбұрышы шеңберінде дамыды. Ал соғыстың аяқталуына байланысты әлемдік тәртіпте өзгерістер еніп, жаңа проблемалар мен қақтығыстық аймақтар пайда бола бастады. Осы тұрғыдан ұлттық мүдделер де өзгеріске түсіп, Жапония мен Еуропалық Одақ ендігі ынтымақтастықты біраз бағытта дамыту қажеттілігін түсінді [1].

Еуропалық Одақ-Жапония шеңберіндегі ХХ ғ. 80-90 ж. тоғысындағы қарым-қатынастардың белсенділігіндегі алғашқы қадамдар 1990 жылғы қаңтардағы жапон премьер-министрі Тосики Кайфудың Еуропаға іссапарынан басталды. Сапар барысындағы жапондық тараптың Еурокомиссияның президенті Жак Делормен Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі реформаларды қаржыландыру мәселесі бойынша келіссөздері басталды. Жапония сол кезеңде Еуро-

палық қайта қалпына келтіру мен даму банкіне ірі көлемдегі қаржы салды және Польша мен Венгрияға экономикалық жәрдем беру бойынша бағдарламаны жүзеге асыруға қатысты. 1991 жылдың басында жапондық сыртқы істер министрі Накаяма саяси және экономикалық байланыстарды дамытуды нұсқай отырып, Жапония мен Еуропалық Одақтың арасында диалогты кеңейту қажеттігін ұсынады. Осыған жауап ретінде 1991 жылдың сәуірінде ЕО-ның Экономикалық және Әлеуметтік комитеті жоғарғы деңгейдегі байланыстарды ресмилендіруге деген ұмтылысын байқатады. Мұндай өзара мүдделестіктің асты қозғаушы күші 80-ж. аяғы – 90-ж. басында Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттерінде орын алған саяси басқару жүйесіндегі өзгерістермен тікелей байланысты еді. Осы кездесуден кейін Жапония мен Еуропалық Одақ әр алуан салалардағы ынтымақтастықты жүзеге асырып, құқықтық негізді құраған маңызды құжаттарға қол қойды. Енді осы құжаттар мен бағыттарға жан-жақты тоқталғанымыз жөн болар.

Қазіргі таңдағы Еуропалық Одақ пен Жапонияның екіжақты қарым-қатынастарының құқықтық негізін басты екі құжат құрайды. Олар:

1. Еуропалық Қауымдастық және оның мүшелері мен Жапонияның арасындағы қарым-қатынастар бойынша біріккен Декларация.

2. «Біздің ортақ болашағымызды белгілеу» атты 2001 жылғы Әрекет бойынша жоспар [2].

Әрине, екі тарап жоғарыда аталған құжаттардан өзге де келісімшарттарға қол қойды, алайда екі елдің ынтымақтастығының барлық бағыттарын анықтайтын негізгі құжаттар осылар болып табылады.

Алғашқы құжатқа 1991 жылы 18 шілдеде қол қойылды. Оған қатысты келіссөздер 1991 жылдың наурызынан басталып, төрт айға жалғасты. Нәтижесінде Гаага декларациясы атауына ие болған құжатқа Еурокомиссия президенті Жак Делор мен жапондық премьер-министр Тосики Кайфу қол қойды. Декларацияға сәйкес Жапония мен Еуропалық Одақ бостандық, демократия, заң үстемдігі және адам құқықтары мәселесі бойынша ортақ ұстанымды қолдайтындығын, нарықтық экономиканың шарттарын орындауға және, әсіресе валюталық одақты құруға міндеттенді. Сондай-ақ екі тарап өзара

нарықтардағы тауарларын өткізуге жол ашылуын қамтамасыз ету, дамушы елдерді қолдау мен ғылым, технология және энергетика салаларында байланыстарды кеңейту сияқты бағыттарда ынтымақтасуға келісті. Осылайша, бұл құжат екі жақтың қарым-қатынасындағы Жапония мен Еуропалық Одақтың жақындастырған тарихтағы маңызды құжатқа айналды [3].

2001 жылғы Әрекет бойынша жоспарға келер болсақ, осы құжат шын мәнісіндегі 2011 жылға дейінгі ұзақ мерзімге бағытталған берік және нәтижелі әріптестікті орнатқан негізгі инструмент болып табылады. «Біздің ортақ болашағымызды белгілеу» атты 2001 жылғы Әрекет бойынша жоспардың мәніне сәйкес Еуропалық Одақ пен Жапонияның қарым-қатынастарын орнатуда негізгі төрт мақсат басшылыққа алынып отыр:

- бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау;
- жаһандандудың тиімді тұстарын пайдалана отырып, экономикалық және сауда әріптестігін кеңейту;
- ғаламдық және әлеуметтік қоғамға қатысты қауіптермен бірлесе күресу;
- халықтар мен олардың мәдениеттерін жақындастыру [4].

Осылайша, екі тараптың арасында жасалынған осы маңызды құжаттар Еуропалық Одақ пен Жапонияның арасындағы қарым-қатынастардың жаңа көкжиегін ашып, бүгінгі таңдағы қарқынды байланыстардың орын алуына және өзге де салалааралық, толықтырушы құжаттардың қол қойылуына түрткі болды.

Енді екі тараптың арасындағы теориялық негізді құраған басты құжаттарды қарастырғаннан кейін тәжірибедегі көрінісіне тоқталған жөн болар. Ал мұндай нәтижелерді тек Еуропалық Одақ пен Жапонияның арасындағы саяси-экономикалық саладағы ынтымақтастығына, сондай-ақ осы байланыстарды жүзеге асырушы құрылымдарға тоқталу арқылы байқауға болады.

Еуропалық Одақ пен Жапонияның байланыстарын дамытуда екі тараптың құрылған механизмдері маңызды рөлге ие болды. Оларға нақтырақ тоқталар болсақ, екі тарапты байланыстырушы төмендегідей органдар бар:

- Жыл сайынғы жиналатын Еуропалық Одақ - Жапонияның саммиті. Бұл институттық механизм Еуропалық кеңестің президенті, Еуропалық Комиссияның президенті және жапондық премьер-министр деңгейінде өткізіледі.

- Министрлік жиналыстар. Еуропалық Одақтың үштігі деңгейінде, яғни сыртқы істер министрлерінің және жапондық премьер-министрдің арасында жылына екі рет өткізіледі.

- Жоғарғы деңгейдегі кеңестер. Еуропалық Комиссияның төрағасы және жапондық сыртқы істер министрі бастаған жоғарғы лауазымдық деңгейде жүзеге асырылады.

- Әрекет етуші жоспардың тобы. Тұрақты түрде біріккен Әрекеттестік Жоспарының жүзеге асуын бақылайды.

- Бірқатар арнайы диалогтар реттеу бойынша реформалар. Қоршаған орта, сауда саясаты, экономикалық және қаржы саясаты, индустриалдық саясат және индустриалдық ынтымақтастық, энергия, телекоммуникация, ғылым және технология, теңіздегі транспорт салаларында реттеуші реформалар бойынша талқылаулардың форумымен қамтамасыз етеді.

- Еуропалық Одақтың үштігі басқарып отырған жапондық үкіметтің географиялық және тақырыптық мәселелер бойынша (Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс, БҰҰ мәселелері, қару-жарақты таратпау, адам құқықтары) эксперттердің деңгейінде жүзеге асырады.

- Үштік форматы да 2004 жылы және 2005 жылы өткізілген Еуропалық Одақ - Жапонияның Стратегиялық Диалогтарын қосқандағы жоғарғы лауазымдар деңгейіндегі саяси талқылаулар үшін пайдаланылады.

- Еуропалық Одақ пен жапондық парламенттің әрқайсысының Еуропалық Одақ пен Жапонияның қарым-қатынастарымен байланысты тұрақты органдары бар. Ресми ішкі парламентаралық деңгейде жиналыстар жыл сайын өткізіліп тұрады [5].

Еуропалық Одақ пен Жапонияның қарым-қатынастарының негізгі бағыттарына тоқталар болсақ, оларды екі бағытқа бөлуге болады:

1. Саяси ынтымақтастық;
2. Экономикалық ынтымақтастық.

Саяси ынтымақтастықты қарастырар болсақ, атап өтерлік маңызды жайттың бірі Еуропалық Одақ пен Жапония бұл салада байланыстарды қарқынды дамытып отыр. Екі тарап та аса маңызды ортақ құндылықтарды қадірлейді, нақтылар болсақ, демократияға ұмтылыс, адам құқықтары мен негізгі бостандықтар, нарықтық экономика. Еуропалық Одақ пен Жапония осы қағидалардың негізінде саяси байланыстарды дамытуға ұмтылады және олар, әсіресе экономикалық саладағы ғаламдық акторлар ретінде ортақ мүдделерге негізделген өзекті мәселелер бойынша тығыз ынтымақтасуға тырысуда. Мұндай мәселелердің қатарына Таяу Шығыстағы, Африка және Орталық Азиядағы лаңкестік, қару-жарақты таратпау сияқты қауіптермен күрес мәселесінде, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау, адам құқықтары және

энергиямен қамтамасыз етудің қауіпсіздік аспектілері мен климаттың өзгеруін жатқызуға болады. Осындай ынтымақтастықтың қатарына мысалға Жапонияның Босния, Герцеговина және маңындағы территорияларды қалпына келтіру бойынша едәуір көлемдегі көмегін айтуға болады. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Тұрақтылықтың пактісі бойынша бір миллиард доллар көлемінде қаржысын бөлу арқылы жапондық үкімет мұндай әрекетті әлемдік қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі болып табылатын осы Еуропа аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қалпына келтіруге бағытталған халықаралық ұмтылыстарға қосылудағы маңызды қадам ретінде қарастырды. Өз тарапынан Еуропалық Одақ та маңызды әріптес ретінде Корей шығанағындағы қарусыздандыруға, бейбітшілік пен тұрақтылыққа қол жеткізу үшін өзіндік үлесін қосуға ұмтылады. Жапония мен Азия аймағындағы өзекті мәселе бойынша бірлесуінің бір мысалы - АҚШ, Жапония және Корея Республикасымен Еуропалық Одақтың Корей шығанағының Энергияны Дамыту Ұйымына мүше болуы (Korean Peninsula Energy Development Organisation – KEDO). Сондай-ақ ол Солтүстік Кореяны елдегі қиындықта жәрдемдесу үшін азық-түлік және басқа да гуманитарлық көмекпен қамтамасыз етеді. 1996 жылдан бергі бөлінген 180 миллион евро көлемінде бөлінген жәрдем арқылы Еуропалық Одақ аймақтағы алаңдатып отырған мәселені шешуге ұмтылып отырғандығын байқатты [6]. Екі тараптың арасындағы саяси қарым-қатынастардың мәселелері жыл сайынғы өткізілетін жоғарғы деңгейдегі кездесулердің басты тақырыптарына айналды. Мәселен, 2006 жылғы «Көк кітаптағы» мәліметке сүйенер болсақ, 2005 жылы мамырда Люксембургте өткізілген 14-ші Жапония мен Еуропалық Одақ арасындағы саммитте қатысушы басшылар, яғни Жапонияның сол кездегі премьер-министрі Дз. Коидзуми, Люксембург премьер-министрі мен Еуропалық Комиссияның президенті Хосе Мануэл Барросо стратегиялық әріптестіктің Жапония мен Еуропалық Одақтың арасындағы Шығыс Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өзара міндеттілікті күшейту қажеттігін ерекше атап өтті. Осы кездесу барысында халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша, оның ішінде Қытай, Корей шығанағы, Иран, Ирак, Таяу Шығыстағы бейбітшілік және Ауғанстанға қатысты мәселелерде саяси өзара сұхбат орын алды. БҰҰ-ны реформалау бойынша Жапония Еуропалық Одақпен осы ұйым шеңберінде көпжақты форматта және екіжақты қарым-қатынастар дең-

гейінде байланыс орнатып отыр. Мәселен, Жапония құрамына өзінен басқа Германия, Бразилия және Үндістан кіретін Төрттік Тобының негізінде өз мүдделерін байқатып отыр. Осылайша, Еуропалық Одақ пен Жапония саяси қарым-қатынастарын дамытуда қауіпсіздік факторының маңызды орынға ие болғандығын байқауымызға болады [7].

Екі тараптың аса маңызды ынтымақтастық бағыттарының бірі экономика екендігін атасақ қателеспеспіз. «Экономика алғашқы орында, ал саяси байланыс екінші орында» деген қағиданы ескерер болсақ, Жапония мен Еуропалық Одақ үшін де экономикалық қарым-қатынастар алғашқы орынға шығып отыр. Екеуінің арасындағы экономикалық өзара әрекеттестік жедел қарқынмен екі негізгі бағыт бойынша дамуда: кәсіпкерлік инвестициялардың өзара ағыны мен сауда байланыстары. Мәселен, Еуропалық Одақтың ресми сайтының мәліметтеріне сүйенер босақ, соңғы жылдары Еуропаға бөлінген жапондық инвестиция 7,8 миллиард евроны, ал Еуропадан Жапонияға жіберілген 4,5 миллиард евро көлемінде болған. Жапондық компаниялар капиталды ең алдымен келесідей қызмет көрсету салаларына салады: қаржылық және сақтандыру ісі, жылжымайтын мүлікке салады. Еуропалық компаниялар да аталған салалармен қатар машина жасау, химиялық өнеркәсіп, тауарды өз бағасымен және қосымша бағамен сататын тауарлардың саудасына шоғырланған.

Екі тараптың арасындағы сауда байланыстарына келер болсақ, Жапония үшін Еуропалық Одақ алғашқы қатардағы сауда әріптестерінің бірі. Статистикаға жүгінер болсақ, ЕО мен Жапонияның қарым-қатынастарындағы сауданың елеулі үлесі Германияға - 27 пайыз, сосын Ұлыбритания - 18 пайыз, Нидерландыға 12 пайыз, Францияға 11 пайыз және ең соңында Италияға 8 пайыз тиесілі.

Атап өтерлік жайттың бірі, екі тараптың арасындағы экономикалық және саяси қарым-қатынастар тек осы ұйым шеңберінде ғана емес, сондай-ақ халықаралық қауымдастықта елеулі орынға ие Дүниежүзілік Сауда Ұйымы, ЕО-Азия сияқты халықаралық ұйымдардың шеңберінде жүзеге асуда. Мұндай қарым-қатынастардың болуы мақала авторының келесідей қорытындылар жасауына алып келді:

Біріншіден, ЕО мен Жапонияның арасындағы экономикалық байланыстар қарқынды дамымақ;

Екіншіден, аймақтық және халықаралық ұйымдарда ынтымақтасу арқылы тараптар өзекті

мәселелер бойынша ортақ мүдделер тұрғысынан өзара әрекеттестік деңгейін жалғастырмақ;

Үшіншіден, ЕО мен Жапония Еуропа аймағындағы және Корей шығанағындағы жағдайлар мен өзгерістерге біріге әрекет ету мақсатында саяси әрекеттестігін тереңдетпек;

Төртіншіден, екі тарап ынтымақтастығы тек осы аймақтармен ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия сияқты стратегиялық тұрғыдан маңызды аймақтарда АҚШ-тың жетекшілігімен бірлесе әрекет етуге ұмтылады.

1. Япония и ЕС: отношения на рубеже XX–XXI веков // [www.japantoday.ru/arch/jurnal/0106/08.shtml](http://www.japantoday.ru/arch/jurnal/0106/08.shtml)

2. The institutional mechanisms of the EU-Japan relationship // [http://ec.europa.eu/external\\_relations](http://ec.europa.eu/external_relations)

3. Joint Declaration on Relations Between the European

Community and its member states and Japan (July 1991) // [www.mofa.go.jp](http://www.mofa.go.jp)

4. Shaping our common future. An Action Plan for EU-Japan cooperation // [www.mofa.go.jp](http://www.mofa.go.jp)

5. EU and Japan: Global Partnership for the XXI century // [www.mofa.jp](http://www.mofa.jp)

6. The main areas for cooperation // [www.eu.int](http://www.eu.int)

7. Diplomatic Bluebook of Japan 2006 // [www.mofa.go.jp](http://www.mofa.go.jp)

8. EU-Japan economic & trade relations // [www.eu.int](http://www.eu.int)

\* \* \*

В данной статье рассматриваются отношения Японии и стран Европейского Союза. Автор изучает не только основную договорную базу этих отношений, но и рассматривает эволюцию развития двусторонних отношений в различных сферах.

\* \* \*

This article is devoted to the relations of Japan with the countries of European Union. The author considered the legal basis of their relationship and also the main spheres of bilateral cooperation.

*Д. Қ. Жекенов*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен тең дәрежелі, тату әрі достық өзара тиімді қатынастарды нығайтуға, жан-жақты дамытуға тиіс. Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынас – Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы басты бағыттардың бірі. Территориялардың шекаралас болуы, сондай-ақ күшті шығыс көршінің үлкен экономикалық мүмкіндігі мен оның халықаралық сахнадағы, соның ішінде Азия кеңістігіндегі салмағы бұл аймақтағы егеменді республикалардың Қытаймен тұрақты достық қатынастарда болу керектігін анықтайды және бұл қарым-қатынастар теңдік, өзара мүдделілік пен мемлекеттердің ішкі істері мен жағдайларына қол сұқпаушылық ұстанымдарына негізделіп орнатылуы керек.

Джордж Сорос 2008 жылғы қазанда: «Американың ықпалы азаяды. Ол қазірдің өзінде азая бастады. Соңғы 25 жылда бізде ағымдағы операциялар бойынша қашанда баланс тапшылығы байқалып келді. Қытайлықтар мен мұнай өндіруші мемлекеттер, керісінше, профицитпен істес болатын. Біздің тұтынатынымыз өндіретінімізден асып кеткен еді. Біз қарыз жинап жатқанда олар үнем жасап, байлық жинап жатты. Қытайлықтар біраз уақыттан кейін әлемнің басым бөлігіне ие болады, өйткені олар

өздерінің долларлық резервтері мен АҚШ-тағы салымдарын нағыз активке айналдыра алды. Мұның өзі күштердің арасалмағын өзгертеді. Салмақтың Азия жаққа аууы Америка соңғы 25 жылда жасап келген қателіктің салдарынан болады» [1], – деген еді.

Қазақстан Республикасының ҚХР-мен достық қарым-қатынастары тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастық негізінде тұрақты дамып келеді. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты жолдауында: «Еліміздің сыртқы саяси басымдықтары қатарында ҚХР-мен ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Екі мемлекет басшыларының саяси көрегендігі мен ортақ күш-жігерінің арқасында мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық дерлік саласы қарқынды дамып келеді» [2], – деген болатын.

ҚР мен ҚХР арасындағы байланыстар дамуының шынайы алғышарттары ретінде тарихи дамуының бір-біріне байланыстылығын, ортақтығын, географиялық жақындық пен ортақ шекара белдеуінің ұзақтығын, геосаяси фактор мен экономикалық дамудағы жоспарлардың ұқсастығын және Ресей Федерациясының Орта Азия аумағындағы ықпалын азайту тәрізді